

Мехрибан ӘЛИЕВА

Әзербайжанның бірінші Вице-президенті

ЮНЕСКО Ізгі ниет елшісі

Гейдар Әлиев қорының президенті

Қарабақтың мұғам мектебі

ЮНЕСКО-ның шешіміне сәйкес, Әзербайжанның мұғамы барша адамзаттық мәде-ниеттегі аса құнды ауыз әдебиеті һәм мате-риалдық емес мұралардың тізіміне енген болатын.

Мұғам - Әзербайжанның өзінде халықтың негізгі мәдени құндылықтарының ажырамас бір бөлігі ретінде қарастырылады. Ал ЮНЕСКО деңгейіндегі шешім бұл - жанрды орындаушылардың өнерін әлемнің мойын-

дауы ретінде және осынау теңдессіз мұраға халықаралық мәдени қоғамдастықтың назарын аударта түсу мақсатында қабылданды.

Сан ғасырлық тарихы бар мұғамның шарықтау кезеңге жеткен шағы мамандардың «шығыс ренесансы» деп атаған грек-рим мұрасының базасында әзербайжандық мәдениет әр түрлі салада яғни әдебиеттен сәулет саласына дейін әлемдік мәдениеттің алтын қорына енген жауһарларын қамти алды.

Мұғам триосы. Суретші Исмаил Мамедов



Әзербайжан музыкалық ансамблі. XIX ғасырдың соңындағы фотосурет



Ал мұғамның одан кейінгі даму кезеңі оның мағынасы мен мәніне еш қылау түсірген жоқ. **Мұғам бүгінгі күнге дейін бір жағынан өткеннің мұрасы, екінші жағынан заманауи өнер болып қала беретін ғажайып культтық микроәлем.** Қатаң канондық талаптар мұнда импровизация мен тақырыптың шығармашылық даму мүмкіндігімен тамаша үйлеседі.

Мұғамның теңдессіз мәдениеті бай философиялық, музыкалық және әдеби негізде дамыды. Мұғамды орындаушылар тыңдарманға мәңгілік шындық пен рухани тыныштық табуға мүмкіндік сыйлайтын, ұрпақтан-ұрпаққа жалғасуы тиіс қандай да бір архаистік тылсым код болып табылады.

Өткен ғасырлардың мәдени мұрасын бүгінгі заманмен үндестіре қабылдау – бұл құпияға толы тылсым күш секілді. Байырғы академиялық білімнің ешқайсысы да бұл шығармашылықтың тірі тінінің ерекшеліктерін ашып беруге күші жетпейді. Бұл құпияның сырын түсінетін мұғамды орындаушылар өздерінің әрбір туын-

дыларында мәңгілік жанды музыка мен тірі поэзияны көрсетуге қабілеттері жетеді.

Мұғам - терең аллегория мен символдарға толы әзербайжанның классикалық поэзиясына негізделген өнердің синтетикалық түрі. Эзоп тілі мұнда мистикалық мағынамен үйлеседі, әр поэтикалық қатардың мәні мен мәтіні оның шынайы мағынасын ашады. Мұны шығыс философиясын жақсы білетін, символ тілі мен тұспалдауды, мағынасы жасырын тұрған жолдарды санаулы адамдар ғана аша алады. Мұғам орындаушыларының барлығында мұғамдарға қойылатын музыкалық талаптар мен ғазел жазуда кең қолданылатын өлең ұйқастыру қабілеті бала кездерінен қалыптасады. Бірде-бір мұғам орындаушысы «мына ақын мұнша ғазел жазады» деп айта алмас еді. Бірақ, белгілі бір тақырыпты ашу барысында олардың тіліне қажетті жолдар еріксіз оралатыны анық.

Мұғам әзербайжан композиторлары үшін шабыт алудың өлшеусіз көзі һәм солай болып қала бермек. Классикалық, симфониялық



Мұғам триосы. XIX ғасыр соңындағы фотосурет

жүйеде қалыптасқан мұғамдар көптеген батыс пен шығыс елдерінің оркестрларында керемет жетістікпен орындалып жүр. Дегенмен, заманауи композиторлардың интерпретациясы мен шығармашылық ізденістері үшін мұғам кеңістігі, шын мәнінде, нағыз қайнар көз болып табылады. Ал мұғам білгірі оны кез-келген шығармаларда, яғни, мұғамнан басқа өлеңдерде де пайдасына жарата алады.

Әзербайжанда мұғамды жеке орындаудан бөлек, музыкалық аспаптармен орындаушылар да кеңінен тараған. Аспаппен орындайтын мұғамның құрамы әр түрлі болады. Бірақ ережеге сәйкес, ерекше сүйемелдеу үшін ол анағұрлым кең болуы керек. **Мұғам жанрының әртүрлілігіне қарамастан, оның негізгі шарықтау шегі - әнді жеке орындау.** Өйткені, әнді бір адам ғана айтқан кезде тыңдарман қиял құшағына бөленіп, жұлдыздар әлеміне ойша саяхаттай алады. Себебі, мұғамды бағалаушылардың сөзінше, музыкалық

медитацияны осындай әуен арқылы ғана жасауға болады.

Әзербайжандықтар мұғам орындаушыларды ханенде деп атайды. Әдетте, ханенделер өнер көрсеткенде өзге музыканттар оны сүйемелдейді. Ұлттық аспаптарда ойнайтын музыканттардың құрамы әр түрлі болуы мүмкін: триодан бастап (тар, кяманча, деф) тұтас оркестрге дейін.

Әзербайжанда мұғам орындаушыларының бірнеше мектебі бар. Музыканың бұл жанры елдің барлық өңірлерінде таралғанымен, **мұғам өнерінің негізгі орталығы, өзіндік мектептерін қалыптастырған - Баку, Шамаха, Гянджа, Нахчыван және Шуша.** Мәселен, мұғамның қарабақ мектебі Шушада қалыптасқан. Осы жобада оқырмандар үшін қарабах мектебінің 24 жазбасы ұсынылып отыр. Бұл жазбалар әр жылдарға тиесілі.

Әзербайжандық мұғамдардың алғашқы жазбалары 1902 жылдан бастап шыға бастады. Мұғам алғашқы рет дыбысқа ағылшындық «Граммофон», германиялық «Спорт-рекорд» және француздық «Патэ-рекорд» компаниялары арқылы жазылды. Бұл компаниялар 1913 жылдан бастап өздерінің арнайы өкілдіктерін Рига, Мәскеу, Варшава, Петербург, Киев, Тифлис пен Бакуде аша бастады. Бұдан өзге, әзербайжандық мұғамдарды «Концерт-рекорд», «Монарх-рекорд», «Экстрафон», «Граммофон-рекорд» сынды ресейлік компаниялар, венгриялық «Премьер-рекорд» компаниясы да жаза бастады. Кеңес үкіметі тұсында құнды жазбаларды Апрелев және Ногин зауыты шығарды.

Бұл жазбалардың басым бөлігі Әзербайжанның дыбыстық жазбалар мемлекеттік мұрағатында сақтаулы. Сондай-ақ, олардың кейбірі Әзербайжан музыка мәдениеті мемлекеттік музейінде жинақталған. Ал ескі мұғамдар жазбалары Ұлыбритания ұлттық дыбыстық жазбалар кітапханасында кездеседі.

Әзербайжанда осындай ескі жазбаларды қалпына келтіру жұмыстарын жүргізген болатын. Әсіресе, XX ғасырдың ескі пластинкалары қайта өңделіп, сандық форматқа көшірілді. Айта кетерлігі, ондай жазбалар бұған дейін еш таралмаған, сонымен қатар, жалғыз нұсқада ғана жазылған, жаппай таратуға да жатпайды. Ал осы жоба арқылы мұғамның қарабах

мектебі майталмандарының жазбалары тыңдармандарға алғаш рет ұсынылып отыр. Атап айтқанда, онда Джаббар Гарягды оглу, Бюльбюль, Кечачи оглу Магомед, Ислам Абдуллаев, Мешади Магомед Фарзалиев, Меджид Бейбудов сынды бірегей орындаушылардың дауыстары бар. Жазбалар негізінен 1902 және 1912 жылдар аралығында жазылған.

Ресей империясының күйреуі, оның орнына Кеңес үкіметінің құрылуы, сосын бірінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі негізгі саяси катаклизмдер мұғам жанрын үлкен дағдарысқа ұшыратты. Сол дәуірде кеңес идеологиясы мұғам жанрын пролетариатқа жат, ескі өнер деп есептеді. Тіпті, мұғам жанрын орындаушылардың негізгі аспабы - тар да жоққа шығарылды. Соған қарамастан мұғам әзербайжандықтардың мәдени өмірінде өшкен емес, қайта тіріліп, қайта оралды. Қарабах мектебі шеберлерінің студиялық дыбыс жазбалары кеңес заманының 30-50 жылдарына тиесілі. Бұл - Хан Шушинский, Зульфи Адыгёзалова, Сеид Шушинский, Абульфата Алиева, Муталлим Муталлимов, Якуб Мамедов, Ислам Рзаев, Ариф Бабаев, Муршуд Мамедов, Гадир Рустамов, Сулейман Абдуллаев сынды әншілердің даусы жазылған пластинкалар. Алайда, бұл жобада осы жазбалардың реставрацияланған тек бірнеше бөлігі ғана ұсынылып отыр.

Орындаушылардың үшінші тобы 20 ғасырдың аяғында танымал болды. Онда Вахид Абдуллаев, Сахавет Мамедов, Захид Гулиев, Гарахан Бейбудов, Мансум Ибрагимов, Сабир Абдуллаев, Фехруз Мамедов секілді ханенделердің жазбалары бар.


Қарабақ мұғам мектебіне жататын көрнекті өкілдердің басым бөлігі аталмыш шығарылым аясынан тыс қалды. Олардың бір бөлігінде осы жазбаларды жасауға мүмкіндік болмаса, енді бірінде олардың шығармашылығы дауысты мәңгі жазып сақтаудың мұндай форматы әлі шықпаған кезеңіне дөп келеді. Соңғысы, қарабақ ханенделерінің бір бөлігі кейінгі жобаларда ұсынылады.

«Ұлы дарынның дүниеге келуіне халық ғасырлар бойы дайындалуы тиіс» деген сөз бар. Ондай дарын дүниеге келетін сәтке қарай оның тыңдайтын бесік жыры, жақсы мен жаманды ажыратуға үйрететін ертегілері,

бабаларының музыкалық мұрасына тартатын әндері дайын болуы тиіс. Әйтсе де бір анығы – егер үлкен дарын иесінің айналасындағы халық пен орта оны қабылдауға дайын болмаса, ол өмірінің соңына дейін өз дегеніне жете алмай, тіпті мүлдем тасада қалуы әбден мүмкін. Осы тұрғыдан алғанда тағдыр қарабақтың ханенде-әншілерінен ықыласын еш аямапты. Өйткені олар қоршаған ортаның ұлы дарындарды қабылдауға дайын болған жерінде және дәл сол уақытта дүниеге келген.

Қарабақта дүниеге келудің өзі көп жағдайда адам тағдырын болжап қойғандай сезіледі. Өйткені, бұлар кез келген адамның ауылдың алты ауызынан кенде емес, керемет дауыс пен музыкалық дарындардың бағасын жақсы бағалайтын өңірде туды. **Қарабахтың әрбір тұрғыны мейлі ол Таулы Қарабах, мейлі жазық Қарабахта болсын, Шуша тұрғыны немесе Ағдамдық болсын, олар - мұғамның білгірі**

Жаббар Гарягды – әйгілі мұғам орындаушысы



ғана емес, кез келген жағдайда халықтық әуенді әуелете жөнелетін күміс көмейлер ретінде ерекшеленеді. Олар бұл жанрдың нағыз бағалаушыларын қалыптастырған орта болып, мұғам шеберлерінің айналасында ерекше құрмет культін жасады.

«Мұғам адамның рухын сомдап, қалыптастырады» деген де сөз бар. Расында Қарабақта дәл осы мәселеге өзара байланысты процесс бар: мұнда табиғаттың өзі әсемдік атаулыға, соның ішінде әуенге ерекше сезімтал жандарды тудырады. Халқының музыкалық мәдениетін дамыта отырып, қарабахтық мұғам мектебінің өкілдері отандастарының ақыл-ойына да ықпал еткен. Өңірдің табиғатына үйлескен әдемілік пен ғажап тыныштық айнаға шағылысқандай Қарабахтан шыққан орындаушылар ұзақ жылдар бойы үзбей таратып келген бірегей музыкалық мәдениетімен көрініс берген.

Қарабахтық ханенде жырауларының көпшілігі Шушада туған. Шуша тақырыбы,

тәкаппар бекіністері мен адамгершілік қамалындай, күллі әзербайжан халқының мәдени қасиетіндей Шушаның көркем бейнесі шығармашылықтың арқауы боп әуендемекші.

Шуша тарихы әрбір шушалыққа Қарабахтың түрлі жылнамалары арқылы ғана белгілі болмаған. Олар үшін «Қарабах жайлы аңыздар» - «Қарабахнамалардың» барлығы қалың қолжазба ретінде қабылданған жоқ. Олар үшін бұл олардың бүгінгі және кешегі өмірінің ажырамас бөлігі болған. Бұнда көрініс тапқан тарихтың көптеген бөлімдері үнемі тарихи оқиғалардың ұсақ-ұсақ бөлшектерін сақтай отырып әрі осы жерлердің шынайы тарихының егжей-тегжейін бейнелей отырып, ұрпақтан ұрпаққа ауызша беріліп отырды. «Қарабахнамалар» күнделікті өмірде, сәулет ескерткіштерінде, тарихи шындықта, кешегі мен бүгінгінің ақиқатында бір-бірін үйлесіммен толықтыратын өмірдің тірі куәсі болды. Бұл өңірлердің тарихы мен табиғаты қарабахтық мұғам мектебінің негізгі тақырыптарының бірі

Мұғам триосы. Алдыңғы қатарда әйгілі мұғам орындаушысы Хан Шушинский





Армения күштері Қарабахты басып алмай тұрып Ағдамда әзербайжан ұлттық аспаптар фабрикасы істейтін. 1980 жылдардың ортасындағы фотосурет

– Қарабах тақырыбын тудырды. **Атақты мұғам «Қарабах шикястеси» Қарабах әншілерінің өзіндік төлқұжаты болған әрі солай боп қала да бермек.**

Шуша бұл әлемге көптеген музыкантты сыйлады. Ондай музыканттардың басым бөлігі орыс ақыны Есениннің «Ақын болмаса, Ширадан емес, әнші болмаса, Шушадан емес» деген әйгілі сөзіне түп-тура сәйкесетіндіктен «Шушалық» деген лақап атты таңдаған болатын. Шушада дүниеге келген керемет әншілер, орындаушылар, сазгерлер мен музыкатанушылардың көптігі соншалық, олар арқылы орындаушылық шеберлігінің арнайы энциклопедиясын құрап шығуға да болар еді.

Шуша «Күллі шығыс әлемі мойындаған музыкалық консерватория» деп есептелді. Бұлай болуы заңды да. Өйткені, атағы жер жарған осы өңірдің әншілерін тыңдау үшін немесе олардың ән салу мақамын үйрену үшін му-

зыка әуесқойлары жан-жақтан ағылатын. Қала музыканттарымен ғана танылған жоқ, «Шуша» атағын алған осы бір феноменді тудыру үшін нақты бір адамдар әрекеттерімен үйлесетін қаншама бірегей табиғи факторлар бір арнаға тоғысқан десеңізші. Өз қолдарымен жасаған аспаптармен, өздері салған керемет залдарда, өздері жазған көркем жырларға бұрын естіп-білмеген әуен шығару үшін, әр түрлі кәсіпте жүрген қаншама адам дәл осы қалада дүниеге келді екен. Ал бұл қаланың атмосферасы Александр Дюманың Қап тауына жасаған саяхаты жайлы жазған кітабында суреттелген. Онда Қарабах билеушісі – Натаван ақынның жарқын бейнесі де берілген.

Әлемге «Иса бұлақ» атымен танылған бұл жердің тап-таза мөлдір бұлақтары да ерекше. Сылдырлап аққан «Иса бұлақ» Шушаның символы секілді. Таулары да аспанмен таласып тұрғандай. Бұл жердегі сақина тәрізді «Джыдыр



Граммoфон валдарына әзербайжан халық әуендерін жазып жатқан әзербайжан музыкалық ансамблі. Варшава, 1914 жыл

Дюзю» тауы да көптеген атақты әншілердің өнеріне куә болды. Шuшалық балақайлар бұл табиғаттың кереметімен дауыстарын мың құбылтып, жаңғыртып мүмкіндігінше ойната білді. Осындай әсем табиғатты, жапырақтардың сыбдырын, бұлақтың сыңғырын, құстардың сайрағанын, қайталанбас жаңғырықтарды тек бала қиялы ғана суреттей алатындай еді.

1987 жылы бұнда «Харыбюльбюль» деп аталатын халықаралық мұғам фестивалі өткен болатын. Атау осы тамаша таудың бөктерінде өсетін әсем гүлдің құрметіне қойылған еді. Сол байқауда қаншама жас таланттардың жұлдызы жарқырап жанып, атағы шарықтады. **1992 жылы армян басқыншыларының оккупациясы Шuша қаласындағы мұғам мәдениетінің жанып тұрған жарық жұлдыздарының бәрін бірдей босқынға айналдырды.** Бүгінгі таңда осы фестивальдің лауреаттары жер аударылғаннан соң ән айту мүмкіндіктерінен айырылғанын

үлкен өкінішпен еске алады. «Біздер, таулықтар, тау баурайында өскен адамдар, жазық далада ән айта алмаймыз. Біздің жанымыз сол Шuша тауында қалды. Таудың сыңғыр бұлағынсыз, оның қайнар көзінсіз, саф таза ауасынсыз Джyдыр Дюзюның сайраған құстарынсыз біз қалайша ән айтпақпыз?». Бұл сұраққа жауап бар ма? Олардың осындай бала көңілдерінен көмекке ерекше зәру екендіктерін, ішкі тебіреністерін, жан-айқайын сезінуге болады.

Жазылмаған заңдылыққа сәйкес, Шuша музыкалық мәжілісі бірнеше топқа бөлінген. Бірінші деңгейдегі Шuша жиынына өздерінің қайда қатысып отырғанын анық ұғынатын кіл үздік әншілер шақырылған. Олар үшін әлі ешкім айтпаған әнді айту ерекше бағаланатын, оны әнші ескі қолжазбалардан тапты ма болмаса, бүгінгі ақындардың бірі жазды ма оған қарамайтын, ең бастысы - жырдың сапасына айрықша мән берілетін. Бұл мәжілістерде

биге елітетін әндер айту ерсі саналады, мұғам барлық мән-мазмұнымен шырқалатын, алайда би әуендеріне ешқашан ерік берген емес.

Екінші санаттағы мәжілісте дауысы аса жақсы болмаса да, кейбір әуесқой әншілер қатыса алған. Мұнда негізінен мұғам орындалатын. Мұғам орындалып біткеннен кейін, екі сағаттан соң адамдарға халық әнін айтып, би билеге рұқсат берілген.

Ал үшінші санаттағы мәжіліс көңіл көтеру бағытында болған. Көңіл көтеру отырысында ешқандай салиқалы музыка болмайды, тек көңіл көтеретін жеңіл әуендер орындалады. Өзінің қадірін білетін ханенделер мұндай шараға қатыспайды. Бұл санаттағы мәжілістер үйлену тойларын еске түсіреді. Бұл жерде көбіне көңілді, ырғақты әндер шырқалып, тіпті арнайы бишілер шақырылатын.

Осындай шартты жіктеудің арқасында нағыз бірінші санаттағы мәжіліс музыканттары ғасырлар бойы өздерінің ерекше орындау шеберліктерін сақтап келді. Олардың деңгейіне

сай тыңдармандары да болған. **Тіпті осындай өз ісіне шын берілген мұғам асылдарының арқасында бұл жанр әрдайым жетіліп, дамып, өзінің құндылығын мәңгі жоғалтпай сақтап, халық шығармашылығының жанды һәм өлмес мұрасына айналды.**

Тұтастай алғанда, Шушаның бірінші санаттағы мәжілісінің түлектері - шығыстың қайталанбас консерваториясының даңқын әлемге шығарды. Әзербайжан халқының: «Шушада балалар мұғамнан «Сейгах» төгілгенде жылайды, «Шахназ» ойнағанда күледі» деген мақалы да бекер айтылмаған.

Жазушы Абдурагим Ахвердиевтың сөзінше, XIX ғасырдың екінші жартысында Бакуда болсын, Шемахы, Ашхабад, Тегеран не Ыстанбұлда болсын кез келген әншілермен кездесе қалсаңыз, сіз міндетті түрде олардың арасынан шұшалық музыкантты жолықтырасыз. Олар тұтас шығыстың өзіндік музыкалық сәнін айқындайтын. Өз өнерлері мен дауысын бағалау мақсатында әр жақтан жиналған

Мұғам триосы. XVI ғасыр миниатюрасы. Низами Гәнжевидің «Хұсрау мен Шырын» поэмасының қолжазбасы



әншілер Шушада бас қосатын еді. Жылдар өте, аты шыққан ханенделер өздерінің дауыстары жайлы Тадын Гусейн, Садыгджан, Мирза Мухтар, Джаббар Гардыоглу және Қарабах әлемінің беделді тұлғаларының не дегенін жариялап отырды.

Әзербайжанда мұнай табылып, оның тасқындауы мұғам шығармашылығының дамуына өз әсерін тигізбей қоймады. Арасында бакулық меценаттары мұнай өндірушілерден құралған “Шығыс кештері” үлкен жетістікке жетті. Олардың алғашқы қойылымдары шұшалық театрда өтті. Бакуды қоса алғанда Әзербайжанның басқа да қалаларында ұйымдастырылған кештерде “Шығыс кештері” де Қарабах мұғам мектебі өкілдерінің өнер

көрсетуі сол жылдың музыка әлеміндегі жарқын оқиғалардың біріне айналды. **Дәл осы мұғам өнерінің дәстүрлі музыкалық жиындары арқылы оны шын қадірлейтін, осы өнерді жан-тәнімен сүйетін барлық адамдардың, мұғам концерттерінің жүйесі құралып, дәл сол “Шығыс кештері” арқылы өрлеу дәуірі басталды.**

XX ғасыр бойы Қарабах мұғам мектебі ән әлеміне көптеген жаңа жарық жұлдыздарды шығарды. Ал Таулы Қарабах соғысы ханенделерді дайындау дәстүрін бұзды. “Мылтықтар сайрағанда, музалар үндемейді” – деген сөз бар. Ал Қарабах ханенделері сөйлемейді, олар тек ән салады. Бірақ олардың әндерінен, олардың дерті, мұң-зар қайғы аза-

Бакуде Гейдар Алиев орталығының қолдауымен салынған Мұғам орталығы жұмыс істейді



бы естілетіндей. Әйгілі Джаббар Гарягды оглу ертеректе айтқанындай: «Мен жұмақта болсам да, Қарабахсыз жұмағыңның құны көк тиын».

Әлем жаһандануда. Осы жаһанданған әлемде адам сенгісіз фантастикалық жылдамдықпен әр түрлі өзгерістер болып жатыр. Бұрындары адамдардың жұмылғыштығы, әп-сәтте ақпарат алмасу мүмкіндігі, әлемді өзгертетін жаңа технологиялар болмаған еді. Олардың барлығы күн сайын күшейіп келе жатқан терроризм мен табиғи катаклизм кезеңінде одан сайын өрістеп келеді. Құбылған әлемнің адамдарға деген ықпалы еселене түсті. Жаһандану философиясы болсын, антижаһандану философиясы болсын енді оған бұзылған тыныштықты, үйлесімді

қайтару қиын. Өркениеттер қақтығысы мен деңгейін талқылағанмен тең болмақ. Бірақ осы дәуірдің болашақ даму негізін, дәстүр парадигмасымен тығыз байланыстыра отырып бір жүйеге әкелуіміз керек. **Тек қана Дәстүрдің күші арқылы архаикалық архетипті сақтап, әр ұлттың мәдениеті арқылы ғана алуантүрлі мәдениетке келе аламыз. Осындай елде ғана Дәстүрді сақтап әрі қарай дамытуға болады.** Ауыз әдебиеті мен материалдық емес мәдени мұраларды сақтауға қатысты ЮНЕСКО-ның конвенциясы дәл осы мақсатта жұмыс істейді. Аталған жобаның көздегені музыкалық дәстүрді сақтау мен өрістетуге өз үлесін қосу. ✪

Бакуде Гейдар Алиев орталығының қолдауымен салынған Мұғам орталығы жұмыс істейді

